

А.Ж. Аубакирова¹ , З.О. Дукенбаева¹ , А. Ташағыл² 

¹С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан;

²EduTepe университеті, Стамбул, Түркия

(E-mail: aubakirova.assem@mail.ru; dukenbaevazo@mail.ru; ahmet.tasagil@yeditepe.edu.tr)

XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әйелдерінің қызметі (тарихи аспект)

XX ғасырдан бастап әлемде өмірдің көптеген салаларына (саясат, экономика, білім, денсаулық сақтау) қатысатын әйелдің рөлі туралы идеялар өзгеруде. Біздің білуімізше, XX ғасыр әйелге өмір салтын, кәсіпті, жеке мүдделерді таңдау еркіндігін бекіткен қазақ әйелдеріне декларацияланатын құқықтар берді. Осыған байланысты XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ қоғамындағы әйелдердің рөлін зерттеу қазіргі кезеңдегі Отан тарихының өзекті міндеті. Сондықтан бұл мақала қазақ әйелінің дәстүрлі мәдениеттегі орны мен рөлін зерттеуге арналған. Авторлардың назары XX ғасырдың басында болған қазақ әйелінің әлеуметтік мәртебесіндегі өзгерістерге бағытталған. Мақаланың практикалық маңыздылығы — зерттеуші ғалымдардың (мәдениеттанушылар, тарихшылар, философтар, әлеуметтанушылар) Қазақстан тарихындағы әйелдің орны мен рөлі туралы еңбектерін қарастыру.

Кілт сөздер: Қазақстан тарихы, Қазақстан әйелдері, қазақ әйелдерінің қызметі, әлеуметтік-саяси өмір, әйелдердің жағдайы.

Kipicne

Қазіргі кезеңде қоғамдағы гендер мәселесіне үлкен назар бөлініп келеді. Мұның өзі ер адамдар мен әйелдердің теңдігі мәселесінің өзектілігін анықтап беріп отыр. Күрделі және қарама-қайшы экономикалық, әлеуметтік-саяси үрдістер, кедейліктің жоғары деңгейі және тағы басқа кері әлеуметтік құбылыстар әйелдерді кемсітуді тереңдетіп отыр. Мұның қатарына отбасылық қатынастар мәселесін, ажырасу үрдістерін және ер адамдардың тарабынан қанау және т.б. қосуға болады. Осының салдарынан жастардың арасында мәдени қуаттың төмендеуі байқалады. Жалпы алғанда, осы үрдістердің барлығы барлық салалар бойынша мемлекеттің дамуына кері әсерін тигізеді.

Гендерлік теңдік идеясы және ерлер мен әйел адамдардың ынтымақтастығы, олардың бір-бірімен келісімі мен өзара түсіністігі үлкен маңызға ие және бұл тұрақты дамудың жағдайы мен алғышарттары болып саналады. Тең құқық пен тең мүмкіндіктер идеологиясының негізінде гендерлік құрылымдардың трансформациясы және мемлекеттің тұрақты дамуы үрдісіне әйелдердің үлкен күш-қуатын тарту көптеген мемлекеттерді, соның ішінде Қазақстан Республикасын да қамтып отыр.

Қазіргі уақытта Қазақстанда гендерлік саясат мемлекетіміздің дамуы мен модернизациялануының маңызды бағыттарының бірін құрайды. Қазақстанның гендерлік саясатында ер адамдар мен әйелдердің құқықтарын теңестіруге негізделген кешенді көзқарас орын алған. Еліміздің гендерлік саясатының негізі мемлекеттік құрылымдар мен азаматтық қоғам ұйымдарының гендерлік саясатты жүргізуіне, құқықтарды қорғауға және халықаралық тәжірибе алмасуға қолайлы жағдайлар туғызу болып саналады. Гендерлік саясаттың және мемлекетіміздің ықпал етуінің арқасында әйелдер мен ерлердің құқықтарын қайта қалпына келтіру және бақылау бойынша институттар мен комиссиялар құрылуда, аймақтық және халықаралық деңгейлерде дөңгелек үстелдер мен конференциялар өткізілуде. Мұның өзі қоғамның әртүрлі топтары арасындағы коммуникацияның дамуына ықпалын тигізуде.

Қоғамдағы әйелдердің рөлі — бұл мемлекеттің әлеуметтік-саяси құрылысы ерекшеліктерінің, экономикалық тұрғыдан дамуының және мәдениет деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Өзімізге белгілі, қоғамдағы әйелдің рөлі, оның құқықтық жағдайы мен әлеуметтік мәртебесі туралы даулар әрбір тарихи даму кезеңінде орын алған болатын. Мысалы, 1905–1907 жылдардағы орыс революциясы қазақ қоғамына өзіндік ықпал етті. Атап айтқанда, революция қазақ қайраткерлерінің қоғамдық және әлеуметтік, прогресшіл бағыттағы ойларының қалыптасуына, ұлттық сана-сезім мен елдік иммунитетінің артуына оң әсерін тигізген болатын. Осындай жағдайда, қазақ азаматтарының идеялық тартыс, ұлт-азаттық жолындағы саяси күресіне көмегін беріп, моральдық тұрғыдан қолдау

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: aubakirova.assem@mail.ru

танитқан әйелдер баршылық болды. Осы тұрғыдан алғанда, біз үшін XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамындағы әйелдердің атқарған ролін зерттеу үлкен қызығушылық танытады.

Зерттеу әдістері

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамындағы әйелдердің ролін анықтау барысында историзм және объективтілік принциптері басшылыққа алынды. Осы принциптерді басшылыққа ала отырып, қарастырылып отырған кезеңдегі әйел феноменін және оның орнын анықтауда тарихи салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Осымен бірге, қазақ қоғамындағы әйел мәселесіндегі өзгерістер мен оның тарихи дамуын зерттеуге мүмкіндік беретін тарихи-генетикалық әдіс пайдаланылды. Сондай-ақ, контент талдау әдісі қарастырып отырған кезеңдегі қазақ қоғамындағы гендерлік мәселелердің тарихи, саяси сипатын ашуға мүмкіндік берді.

Талқылау

XX ғасырдың басында қазақ қоғамында әйелдердің теңдігі, олардың білім алу және әртүрлі қоғамдық істерге араласу мәселесіне назар бөліне бастады. Мұндай тенденцияға Алаш қозғалысының өкілдері қолдау көрсетті. Осымен бірге, қазақ әйелдерінің тәрбиесі мен әйел теңдігі Алаш зиялыларының еңбектерінен көрініс тапқан болатын. Алаш зиялыларының әйел мәселесін көтеруі және мерзімді басылым беттерінде әйел теңдігі мәселесіне қатысты өзекті мақалалары мен өлеңдері жрайланған соң, бұл мәселе Кеңес өкіметі тарапынан да қолдау тауып, әйелдердің құқықтары қорғалған болатын.

Мұның дәлелі ретінде 1917 жылы 21 шілдеде Орынборда өткен жалпы Қазақ съезін атап көрсетуге болады. Бұл съезде әйелдердің қоғамдағы өмірі туралы шешім қабылданып, келесідей тұжырым жасалған:

- әйелдер мен ерлердің саяси құқықтары тең болуы керек;
- әйелдер өздеріне серігін таңдауға ерікті;
- некеге тұру жасы 16-ға дейін ұзартылуы;
- молданың 16-ға толмаған қыздың, 18-ге толмаған жігіттің некесін қиюға құқығы жоқ;
- неке екі жақтың келісуімен қиылады;
- жесір әйелдерді күйеуінің туысқандарына зорлап қосуға болмайды;
- бірінші әйелі келісім бермесе, екінші әйел алуға болмайды [1; 405].

Өзіміз көріп отырғандай, қазақ қоғамындағы әйелдердің теңдігі XX ғасырдың басында өзекті болған. Атап айтқанда, осы съезде ұсынылған идеялар ол заманда әйелдердің тығырықтан шығатын басқа жолы болғандығын көрсетеді. Ескі салт-сана мен әдет-ғұрыптың күйрей бастағаны, әйел рөлінің өзгергені көрінеді. Сол кезеңде «әйел мәселесін» шешуге талпынған қазақ әйел журналистикасы да пайда болды және бұл қоғамдағы әйелдердің рөліне өзіндік ықпалын тигізді. Мысалы, әйел теңдігі тақырыбы сол кездегі әйгілі «Еңбекші қазақ», «Таң», «Қызыл Қазақстан» атты басылымдарда кеңінен жариялана бастады. Қазақ тілінде үзбей шығып тұратын «Айқап» журналының беттерінде жарияланған Сақыпжамал Тілеубайқызының «Қазақ қыздарының аталарына», «Ұзақ күткен үмітім һәм бас адамдарға бір-екі сөз» атты арнайы мақаласы мен «Қыз батасы» атты өлеңі, Күләйім Өтегенқызының «Қазақ қыздарына», Мәриям Сейдалинованың «Зарлау» және «Тұр қазақ!» атты өлеңдері арқылы қазақ даласына келген кеңестік жаңа заманның жаңа өмір мен жаңа мәдениетке деген қазақ қыздарының ішкі сұранысын, өзіндік ойын байқауға болады. Мұның дәлелі ретінде «Қазақ» газетінің 2 жасқа толуына орай жазылған құттықтау хаттағы Нәзипа Құлжанованың: «...мен қазақ әйелі болғандығымнан, «Қазақ» газетасының берекелі жұмысын әрі апаруға екінші жылға аяқ басқанына қуаныш етіп, аз ақшамен ауданды ұлтының игілігіне іс бастаушыға, оған жолдас, тілектес болып көтермелеп, көмегінде болған барша бауырларыма, көңіл ризалығын білдіріп, тәңірі жарылқасын айтуды борышым деп білдім. Ескі рәсім салған ауырлықты илеп азбастан, еркектің серіктігіне жарап, жақсылық, жамандықты бірге атқарып келе жатқан, ақылды, ақ көңіл, көнбіс, кеңшілік, бауырмал қазақ әйелдері, еркекпен қатар білім білсе, ерлер ұлт үшін жүрген жерінде, оларды қалмай қатарында жүріп іс етуге жарар. Сондықтан жұрттың теңдікке жетуін көздеген ардақты бауырларым, сол жұрттың анасы әйелдердің де ерлерден қалмай, қатарында жұрт ісін етерлік дәрежеге жету жағын да ескерусіз қылмаңыз!» [2] деген тілектерін атап көрсетуге болады.

Зерттеуші З. Сағыбаева «XX ғасыр басындағы әйелдер мұңын әйелден артық ешкімнің айта алмайтыны белгілі болатын. Дәл осы қажеттілік әйел қаламгерлер тобының тууына басты себеп

болды», — деп, олардың қолына қалам алуына мәжбүр еткен екі түрлі себепті келтіріп өтеді. «Біріншіден, баспасөз арқылы бұқараның қалың ортасына ой тастау, сол арқылы өнер-білімге, мәдениетке үндеу болса, екіншіден, жасқаншақ, етекбасты ауыл әйелдеріне жаңа қоғамның мән-жайын түсіндіру, өз мүддесі үшін күреске жұмылдыру» [3] деп көрсетеді. Бәрімізге мәлім, 1920 жылы Қазақстан Автономиялы Республикасы Орталық Атқару Комитетінің қалың малға, әмеңгерлікке, көп әйел алушылыққа тыйым салу жөнінде қабылдаған декреті жарияланған болатын. Осы орайда Қ. Аллаберген «Декретте қазақ әйелдерінің еңсесін басқан, адамдық қасиетін қорлаған, тағы басқа да зиянды әдет-ғұрыптарды жою көзделді. Міне, осы декреттің мәнін әйелдерге түсіндіріп, олардың өздерінің бас бостандығы үшін күресуіне көмектесу, әйелдерді қоғам өміріне белсене араластыру үшін ел ішінде көшпелі қызыл отаулар, делегаттар жиналыстары ұйымдастырылды. Бұлардың жұмысын насихаттайтын, әйелдерге арналған баспасөз органын шығару қажеттігі туындады» [4] деп көрсетеді.

Әйел теңдігі туралы қазақ зиялылары қоғамда пікірталас тудырып, қазақ халқының намысын оятуға тырысты. Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романына баға бере отырып Әлихан Бөкейханов: «Мұнда қазақтың қай жерінде болса да, малға қызығып я партияға қызығып, қыздарын жастай күйеуге беру жайы бар, ысырапқа ақша шашып, жақынымен араздасу, қызын сүймегеніне жылатып ұстап беру...» деп, қоғамға және адамзатқа жат қылықтарды сынға алады [5; 2]. Әйел мәселесі төңірегінде Әлихан Бөкейханның да қалам тартқаны мәлім. Оның 1899 жылы «Туркестанские Ведомости» газетінде «Женщина по киргизской былине «Қобыланды» атты ғылыми еңбегі, 1902 жылы «Бесправность киргизских молодых» мақаласы және 1925 жылы «Қызды малға сату», 1923 жылы «Батыр Бекет» атты шығармалары жарыққа шықты [6; 178].

Спандияр Көбеевтің «Қалың мал», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу», Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романдарында ескі әдет-ғұрыптың қыспағына түскен қазақ қызының тағдыры баяндалып, әйелдің теңдігі мен адамшылығын қорлайтын ескі әдет-ғұрыпқа қарсы батыл күрес жүргізген жастардың ерлігі мен қайсарлығы және сүйгені үшін күрескен екі жастың қайғылы тағдырлары баяндалған. Әйел теңдігі арқылы жеке бас бостандығы тақырыбын көтерді.

Қазақ қыздарына арналған алғашқы мектеп ашқан қазақ әйел мұғалімдерінің бірі — Хұсни-Жамал Зұлқарнайқызы 1872 жылы Бөкей Ордасындағы сұлтандар әулетінде дүниеге келген. Әбілқайыр хан әулетінен шыққан, Нұралы ханның шөбересі, Жәңгір ханның немересі, әкесі — Зұлқарнай Нұралыханов. Ол Қазандағы земство мектебін бітіріп, Бөкей Ордасындағы әйелдер мектебінде сабақ берді. Бұл мектеп 1883 жылдан бері жұмыс істегенімен онда тек басқа ұлттың қыздары оқитын. Хұсни-Жамал Зұлқарнайқызының бастамасынан кейін ғана мектепке қазақ қыздары бара бастады. 1894 жылы Хұсни-Жамал қазақ қыздарына арналған алғашқы мектеп ашты. Оған кітаптар, оқулықтар және басқа да қажет заттарды білім министрлігінің Бөкей Ордасы бойынша инспекторы Андрей Вознесенский жеткізіп отырды. Андрей Вознесенский 1897 жылы жасаған баяндамасында Хұсни-Жамал туралы былай деп жазған: *«Хұсни-Жамал — қазақ сұлтанының қызы. Қазандағы земство мектебін бітірген. Алғашында ағаларының қолында оқыды. Жасы шамамен 25-те. Сұлу, әрі әңгімеге жақсы, Ордада мұндай қыз жоқ, иә, ол, жалғыз... Орысша таза сөйлейді. Асқан ұстамдылығымен ерекшеленіп тұрады. Қазір өзін орыс тілі мектебінің ісіне арнауды ұйғарды»* [7; 89].

Алма Оразбаева КСРО тарихындағы алғашқы саясаткер әйел, мемлекет және қоғам қайраткері, Коминтерн мүшесі болған революционер-ағартушы қазақ қызы, өмірінің соңғы 17 жылын Әулие ата (Жамбыл облысы) өңірінде өткізген. Өмір сүрген кезеңі әлеуметтік-саяси төңкеріс кезеңіне тап келді. Саяси бағыт ақ пен қызыл болып тұрған шақта, Алма Оразбаева 17 жаста болған. Советтік билік тұсында саяси қызметте жүріп, қазақ әйелінің, ана мен бала мәселесін ХХ ғасыр деңгейіне көтергенін, қазақ қыздарының оқуына жәрдемдескенін де айта кеткен жөн. Шығыс әйелдері арасынан тұңғыш халықаралық саясат аренасына шыққан. Алма Оразбаеваның ерекше бастамасының бірі — әйелдер баспасөзінің негізін қалауы. 1922 жылы Қырғыз (Қазақ) облыстық партия комитеті жанынан әйелдер бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалғаннан кейін қазақ әйелдерінің сауатсыздығын жою, оларды үкіметтің, кеңестер мен мәдени құрылыс жұмыстарына тартуда Оразбаеваның сіңірген еңбегі орасан. Орынбордағы сауат ашу, үлгі-тәжірибе мектептеріне, өлкелік кеңес-партия мектептеріне тәрбиешілер даярлайтын курсқа кіргізіп, олардың тәртібін, сабағын сырттай бақылап, оқуын бітіріп шығуын қадағалайды. Өзінің еңбек ақысын әйелдер курсына қатысушыларға бөліп береді. Неге олай жасадыңыз дегендерге: *«Біздің тойып ішіп, сәнді киінгенімізден не пайда? Одан да қарапайым өмір*

сүріп, қажеттіліктерді артық пайдаланбағанымыз дұрыс емес пе? Жас ұрпақтың өз халқының азарту үшін білім алуына көмектесейік» деп көрсеткен.

1919 жылы Ордада шыққан «Дұрыстық жолы» газетіне «Әуелі түсіну керек» деп мәселе көтерген ол, 1923 жылдың 9 маусымында «Еңбекші қазақ» газетіне «Әйел бостандығы» атты мақала жазады. Мақалада: «...Қазақстан халқының жартысы әйел. Сол бір елдің жарты денесі сияқты — әйел халқы сәулесіз, ойсыз, өнерсіз, надан болса, Қазақстан бүтін, толық саналы ел болмақ емес. Мұны қазақтың әйелі де, еркегі де есінен шығармауға тиіс. Әйел болашақ ер азаматтың анасы, асыраушысы да, тәрбиешісі де. Әйел — қазақтың шаруасының тұтқасы. Қазақ әйелі, қадіріңді өзін біліп, адам болып өнерге, білімге ұмтылуың керек» деп көрсеткен.

Ол тек мақала жазып қана қоймай, баспасөз ісімен тұрақты айналысты. 1923 жылдың басында жарық көрген «Жас қазақ» журналының алғашқы бас редакторы да А. Оразбаева болды. Осы журналға екі мақаласы («Жастар Одағының қазақ қыздарын ұйымдастырудағы және тәрбиелеудегі міндеттері» және «Гүлсім» атты очеркі) жарияланған. Журналдың шығуына қуанған Алма Оразбаева С. Сейфуллиннен сүйінші сұрап, журналдың келесі санына мақала жазуды өтінген. Сонда С. Сейфуллин «Жас қазақ» атты көлемді арнау өлең жазған. А. Оразбаева көтерген әйелдер мәселесін коштап, С. Меңдешев, Н. Нұрмақов, Х. Құлымбетов мақалалар, С. Мұқанов, М. Әуезов, С. Дөнентаев, Б. Майлин, Қ. Айнабекұлы сынды ақын-жазушылар өлең, әңгімелер жазып, баспасөзге жариялайды. Яғни әйелдер мәселесінің баспасөзде алғаш көтерілуіне, тіпті оның өнер арқылы насихатталуына себепкер болған адамның бірі — Алма Оразбаева еді. Ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, жұртының амандығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ тарихындағы әйелдер ұлт тарихының әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған [8].

Осымен бірге, 1925 жылдың мамыр айынан бастап «Теңдік» газеті шыға бастады. Газеттің редакторы татар әйелдеріне арналған училищеде білім алған, алғашқы журналист-редакторлардың бірі Сара Есова еді. Газет 1926 жылы қаңтардан ай сайын шығатын «Әйел теңдігі» журналына айналды. Журналдың негізгі мақсаты — қалың малға, әмеңгерлікке, көп әйел алушылыққа тиым салу туралы декретін бұқара халыққа түсіндіру, әйелдердің қоғамдық өмірге араласуын насихаттау болды. Журналды шығару жұмысына С. Мұқанов белсене қатысқан, кей нөмірлеріне редактор ретінде Бейімбет Майлин қол қойған. Кейіннен журналға Нұржамал Саналиева, Нағима Арықова басшылық еткен. Журналдың редколлегия мүшелері Мариям Бектембекова, Зайда Ақышева, Зейнеп Тоқберлинова, алғашқы әйел, қоғам қайраткерлерінің бірі — Алма Оразбаева, педагог-ғалым, жазушы-аудармашы, журналист Ахмет Байтұрсынұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин сияқты ой-парасат иелері өлең арнаған Нәзипа Құлжанова болды. Сұлтанмахмұт Торайғыров ағалық мейіріммен:

«Ардақты, бар Нәзипа деген ханым,
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.
Оқыса сондай әйел шығар ед деп,
Оқығандар бағалар сөздің дәмін.
Неше күн қыдырсаң да таба алмассың,
Семейдің одан өтер адал жанын.
Ақ көңіл, мінезі онды, жүзі жарқын,
Ынтасы жеткізбекке әйел халқын.
Және бар әйелге хас нәзік сезім,
Танитын бір көргенде-ақ істің нарқын.
Атақты Байтұрсынов «Мысалында»,

«Н- ға» деп өлең жазып, жайған даңқын...» деп арнау өлең жазған [2].

1925 жылдың наурызынан бастап «Азат әйелі» журналының жарық көре бастағанын да айта кету керек. Ол туралы Темірбек Қожакеев: «Азат әйел» — бір күндік газет. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанындағы әйелдер бөлімі 1925 жылдың 8-наурызда шығарған. Қазақ әйелдеріне арналған осы тұңғыш, бір күндік газеттің жарық көруі үлкен тарихи оқиға болды. 1925 жылы 5-мамыр күні осы басылымның негізінде «Теңдік» газеті шығарыла бастады» [9] деп көрсеткен.

«Теңдік газеті» Аймақтық партия комитетінің жанындағы әйелдер бөлімінің атынан шыққан. 1926 жылы «Әйел теңдігі» журналына айналды. Онда Алма Оразбаеваның, Сара Есқызының, қазақтың тұңғыш ақын қызы Шолпан Иманбаеваның, белгілі қоғам қайраткері Нағима Арықованың және тағы басқаларының мақалалары басылған. Бір айта кетерлігі, Темірбек Қожакеев 1926 жылы

«Әйел теңдігі» журналын «Теңдік» газетінің орнына шықты десе, Л. Ахметова бұл журнал 1925 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің қосымшасы болып шыққанын айтады. Қалай дегенмен де кейінгі «Қазақстан әйелдері» журналының басы болған «Әйел теңдігі» журналының қазақ баспасөзі тарихында алатын орны бөлек [9].

Қазақ тарихындағы есімі айрықша жазылуы тиіс қыздардың бірегейі — Гүлшаһара (Гуля) Досымбекова еді. Гүлшаһара — Алаш жастарының басын қосқан «Бірлік», «Жас азамат» ұйымын құрған жігерлі қайраткер қыз болған. Ол Міржақып Дулатұлының балдызы, Омбы гимназиясын, Омбы ауылшаруашылығы институтын аяқтаған. Алаш көсемінің қызы Елизаветамен (Зейнеп) жақын құрбы болған. Революциядан соң, жоқ-жетім, әлеуметтік ахуалы төмен қазақ балаларының білім алуына, оқуына қаржылай көмек көрсеткен.

Осымен бірге, Алаштың оқу-ағарту саласында табанды қызмет еткен Гүләйім Байгурианы, ол Ыбырай Алтынсарыұлының шәкірті болған Ахмет Балғымбайұлының қызы екенін атап көрсетуімізге болады. Ол Орынбордағы гимназияны үздік аяқтап, орыс тілінен сабақ берген. Оның жолдасы Әлжан Махмұтұлы Байгурин белгілі ғалым, дәрігер, публицист. Жолдасы қуғын-сүргінге ұшырап, атылған соң, Гүләйім де тағдырдың кермек дәмін татқан.

Алаштың ізашар толқынының үлкен қолдауына ие болған Аққағаз Досжанова қазақ әйелінің арасынан шыққан алғашқы дәрігер ғана емес, қаламы өткір публицист, қайраткер. 1917 жылы қазақ зиялылары ұйымдастырған Мәскеудегі басқосуда мұсылман елдерінің азаттығы туралы баяндама жасап, бұратана халықтың тағдырына алаңдаған. Оның үлкен зор ісі — 1917 жылдың 1–8-мамырында өткен Мәскеудегі Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысып, қазақ әйелінің мұң-мұқтажын жоқтап сөйлеп, төралқаның назарын өзіне аударған. Сосын, өмірінің соңына дейін Алматыдағы №1 ауруханада гинеколог болып, безгек ауруына қарсы алғашқы ем-домды ойлап тапқан. Оның медициналық проблемаларды көтерген ауқымды мақалалары «Әйел теңдігі», «Абай», «Жас азамат» басылымдарында жиі жарияланған [10].

XX ғасырдың бірінші жартысында мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық салаларында революциялық өзгерістердің болғаны белгілі. Әлеуметтік саясаттың маңызды бағыттарының бірі — әйелдерді өндірістік және қоғамдық жұмыстарға тарту еді. Осымен бірге, әйелдерді қамтыған қоғамдық ұйымдар пайда болды. Мысалы, 1920 ж. басында өндіріс деңгейіндегі әйел бөлімшелері пайда болды және бұл әйелдер өмірінің ерекшеліктеріне және жергілікті дәстүрлерге назар аударды. 1921 ж. РКП ОК-нің әйелдер арасындағы жұмыс жасау жөніндегі бөлімшесі шығыс халықтарының коммунист әйелдерінің қатысуымен отырыс өткізген. Бұл отырыстағы 40 делегаттың ішінде 2 делегат әйел Қазақ Автономиялық Социалистік Кеңес Республикасынан болған және өздерінің әлеуметтік жағдайы бойынша 17 делегат зиялы өкілдер ортасынан болған [11; 215].

Атап өту қажет, осы кезеңде Қазақстанда, Түркменстанда, Өзбекстан мен Қырымда, Татарстанда әйелдер үшін ерекше сайлау учаскілері құрылған [12; 95]. 1921 ж. наурызында Семейде мұсылман әйелдердің губерниялық съезі өтіп, оған 85 әйел қатысқан. Бұл съезді ұйымдастырушылардың мақсаты — партияның жұмысына тарту арқылы мұсылман әйелдерін өз еркіндігі үшін күреске шақыру болған. Осы кезде әйелдер қауымы ана мен бала, мектепке дейінгі тәрбие мәселесіне назар аударған. Осымен бірге, 1923 ж. Семей губерниясында 217 делегат әйел және 21 әйелдер кеңесінің мүшесі болған. 1922 ж. Оралда 50 жұмыссыз әйелден тұратын артель құрылған [11; 215].

Атап өту қажет, әйелдердің азаматтық белсенділігін қалыптастырудың кеңестік тәжірибесі тұрмыс, мәдениет пен мерекелер т.б. салалардағы жаңа өзгерістерді қамтыды. А. Оразбаеваның ұсынысы бойынша Өлкелік кеңестік партия мектебінде әйелдер арасынан жұмысшыларды даярлау бөлімшесін ашу туралы шешім қабылданған. 1925 ж. ортасына қарай республика партиясына мүше кандидаттардың арасында әйелдердің үлесі 9,2 % құраған. 1925 ж. жазда РКП-ның Қазақ өлкелік комитеті «Волостық әйел үйі» туралы Ереже қабылдады. Бұл ұйым қазақ әйелдерін сауаттылыққа үйретіп, саяси тұрғыдан тәрбиелеуді және кеңестік құқықтық нормаларды насихаттап, әйелдерді кооперативке тартуды мақсат етті. 1925 ж. Қазақ Автономиялық Социалистік Кеңестік Республикасындағы делегаттық жиналыс секцияларында, кооперативтік, кәсіподақтық және бала мен ананы қорғау ұйымдарында 340 қазақ әйелі болған [11; 216].

Қорытынды

XX ғасыр басында басталған гендерлік теңсіздік мәселесі Алаш қайраткерлерінің назарында болып, олардың қажырлы еңбектерінің арқасында біршама оң шешімдерін тапты. Олар әйелдердің құқығын қорғауды өздеріне міндет санады. Осындай істердің нәтижесінде қазақ әйелдері білім алуға

және қоғамның тең мүшесі ретінде өмір сүруге мүмкіндіктер алды. Осымен бірге, бұл кезеңде қазақ зиялыларының шығармашылығы жанр жағынан дамып қана қоймай, тақырып мен идея тұрғысынан жаңа белеске көтерілді. Қазақ қаламгерлері әлем әдебиетіндегі жетістікке сүйеніп, әйелдердің қайталанбас бейнесін құрды. Осылайша, қарастырылып отырған кезеңде қазақ қоғамындағы әйел тағдыры мен ролі тақырыбына қол артқан қазақ зиялыларының түпкілікті идеясы — жеке тұлға бостандығы мен жеке адамды қайталанбайтын рухани құндылық ретінде қадірлеу болды. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев әйел теңдігі мәселесін жиі көтерді. Олар қазақ әйелінің тағдырын қараңғылықтан, әлеуметтік қысымнан, келтіріліп отырған зардаптардан арашалап, құтқарып алуға тырысты және қазақ әйелдерін білім алуға, оқуға шақырып отырды. Қазақ зиялыларының мұндай қадамдары қазақ қоғамындағы әйел теңдігін қалыптастыруға мүмкіндіктер жасап берді.

Осылайша, XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы әйелдердің алатын орны мен атқарған ролін зерттеу тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі саналатындығын атап өту қажет. Осы кезде қазақ әйелдері қоғамда тең құқыққа ие болды, ал бұл өз кезегінде әйелдердің әлеуметтік-экономикалық және саяси және құқықтық жағдайының өзгеруіне алып келді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Міржақып. Жалпы қазақ сөзінің қаулысы / Бас редактор Ә. Нысанбаев. — Алматы, 1998. — 560 б.
- 2 Негимов С. Айқын Нұрқатов шығармалары / С. Негимов. — Алматы: Ана тілі, 2013. — 384 б.
- 3 Сағыбаева З. Қазақ әйелдерінің публицистикалық мұрасы: канд. дис. автореф. / З. Сағыбаева. — Алматы, 2010. — 168 б.
- 4 Аллаберген Қ. Тарих және баспасөз / Қ. Аллаберген. — Павлодар: Керек, 2009. — 148 б.
- 5 Роман деген не? // «Қазақ». Орынбор. — 1915. — № 48.
- 6 Сұлтанхан Аққұлыұлы. Әлихан — әдебиетші ретінде / Аққұлыұлы Сұлтанхан // Жұлдыз. — 1993. — № 5. — Б. 179–180.
- 7 Калдыбаева Б.С. Қазақстанның философиялық дүниетанымындағы әйел феномені / Б.С. Калдыбаева. — Алматы, 2022. — 129 б.
- 8 Қазақ тарихындағы ағартушы әйелдер. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://centretur.kz/kk/maqalalar/din-jane-qogam/qazaq-tarihyndagy-agartushy-aielder-904/>.
- 9 Қазақстанда әйелдер баспасөзі қалай пайда болды? — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://egemen.kz/article/155858-qazaqstanda-ayelder-baspasozi-qalay-payda-boldy>.
- 10 Алаштың асыл арулары. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://ruh.kz/alashtyn-asyl-arulary_5201/.
- 11 Рысбекова С.Т. Женские организации в Казахстане и советская практика формирования гражданской активности в 1920–1930-е годы / С.Т. Рысбекова // Промышленность: экономика, управление, технологии. — 2009. — № 4. — С. 214–217.
- 12 Акимов И. Сельские советы национальных меньшинств / И. Акимов // Советское строительство. — 1929. — № 12. — С. 95–103.

А.Ж. Аубакирова, З.О. Дукенбаева, А. Ташағыл

Деятельность казахских женщин в первой половине XX века (исторический аспект)

Начиная с XX века, в мире меняется представление о роли женщины, которая задействована во множестве сфер жизнедеятельности (политике, экономике, образовании, здравоохранении). Как известно, XX век дал казахским женщинам декларируемые права, которые закрепили за женщиной свободу выбора образа жизни, профессии, личных интересов. В связи с этим изучение роли женщин в казахском обществе в первой половине XX века является актуальной задачей отечественной истории на современном этапе. По этой причине данная статья посвящена изучению положения и роли казахской женщины в традиционной культуре. Внимание авторов сосредоточено на изменениях в социальном статусе казахской женщины, происшедших в начале XX века. Практическая значимость статьи заключается в рассмотрении работ ученых-исследователей (культурологов, историков, философов, социологов) о месте и роли женщины в истории Казахстана.

Ключевые слова: история Казахстана, женщины Казахстана, деятельность казахских женщин, социально-политическая жизнь, положение женщин.

A.Zh. Aubakirova, Z.O. Dukenbayeva, A. Tashagyl

Activities of Kazakh women in the first half of the twentieth century (historical aspect)

Since the 20th century, ideas about the role of women, who are involved in many spheres of life (politics, economics, education, healthcare), have been changing in the world. As we know, the 20th century gave Kazakh women declared rights, which secured for women the freedom to choose a lifestyle, profession, and personal interests. In this regard, studying the role of women in Kazakh society in the first half of the twentieth century is an urgent task of national history at the present stage. Therefore, this article is devoted to the study of the position and role of the Kazakh woman in traditional culture. The authors' attention is focused on changes in the social status of Kazakh women that occurred at the beginning of the twentieth century. The practical significance of the article lies in the consideration of the works of scientific researchers (culturologists, historians, philosophers, sociologists) on the place and role of women in the history of Kazakhstan.

Key words: history of Kazakhstan, women of Kazakhstan, activities of Kazakh women, socio-political life, situation of women.

References

- 1 Nysanbayev, A. (Ed.). (1998). *Mirzhaqyp. Zhalpy qazaq sieezinin qaulysy* [Mirzhakyp. General resolution of the Kazakh Congress]. Almaty [in Kazakh].
- 2 Negimov, S. (2013). *Aiqyn Nurqatov shygarmalary* [Works of evil Nurkatov]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 3 Sagybaeva, Z. (2010). *Qazaq aielderinin publitsistikalyq murasy* [The journalistic heritage of Kazakh women]. Almaty [in Kazakh].
- 4 Allabergen, K. (2009). *Tarikh zhane baspasoz* [History and the press]. Pavlodar: Kereku [in Kazakh].
- 5 (1915). *Roman degen ne?* [What is Roman?]. *Qazaq. Orynbor — Kazakh. Orenburg*, 48 [in Kazakh].
- 6 Sultankhan, Akkulyuly (1993). *Alikhan — adebietshi retinde* [Alikhan as Literature]. *Zhuldyz*, 5, 179–180 [in Kazakh].
- 7 Kaldybaeva, B.S. (2022). *Qazaqstannyn filosofiialyq dunietanymyndagy aiel fenomeni* [The female phenomenon in the philosophical worldview of Kazakhstan]. Almaty [in Kazakh].
- 8 *Qazaq tarikhnydgy agartushy aielder* [Enlightenment women in Kazakh history]. Retrieved from <https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/din-jane-qogam/qazaq-tarihyndagy-agartushy-aielder-904/> [in Kazakh].
- 9 *Qazaqstanda aielder baspasoz qalai paida boldy?* [How did women's press appear in Kazakhstan?]. Retrieved from <https://egemen.kz/article/155858-qazaqstanda-ayelder-baspasoz-qalay-payda-boldy> [in Kazakh].
- 10 *Alashtyn asyl arulary* [Alash's precious beauties]. Retrieved from https://ruh.kz/alashtyn-asyl-arulary_5201/ [in Kazakh].
- 11 Rysbekova, S.T. (2009). *Zhenskie organizatsii v Kazakhstane i sovetskaia praktika formirovaniia grazhdanskoi aktivnosti v 1920–1930-e gody* [Women organizations in Kazakhstan and Soviet policy of the Development of social activism in 1920–1930]. *Promyshlennost: ekonomika, upravlenie, tekhnologii — Industry: Economics, Management, Technology*, 4, 214–217 [in Russian].
- 12 Akimov, I. (1929). *Selskie sovety natsionalnykh menshinstv* [Rural Councils of National Minorities]. *Sovetskoe stroitelstvo — Soviet construction*, 12, 95 [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Аубакирова Асем — PhD докторант, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0001-8268-9355>

Дукенбаева Задаш — т.ғ.д., профессор, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-5968-1539>

Ахмет Ташағыл — PhD, профессор, ғылыми жетекші, Едитепе университеті, Түркия, Ыстамбұл; <https://orcid.org/0000-0002-1435-8877>

Information about the authors

Aubakirova Assem — PhD student, Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.

Dukenbayeva Zdash — Doctor of historical sciences, professor, Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.

Tashagyl Ahmet — PhD, professor, Editepe University, Turkey, Istanbul.